

ЖШС «Нұр-Тілек»бөбекжай-балабақшасы

Біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру бойынша іс-шара

Тақырыбы: «Арқан тарту, асық ату, қол күресу»

(ересек, ортаңғы тобы)

Өткізген: Топ тәрбиешілері

2023-2024 оқу жылы

*Мексереңді
Бейне*

Тақырыбы: «Ұлттық ойын төрімізде»

Мақсаты: Ұлттық ойындар дене шынықтыру іс – әрекетінде кең қолдана отырып, балалардың дене тәрбиесін дұрыс жолға қою, спорттық шеберліктерін, мүмкіндіктерін арттыру. Жас ұрпақты өздігінен білім деңгейін көтеруге үйретіп өзін – өзі тәрбиелеуге дағдыландыру.

Қажетті құралдар: Арқан, ат, теңге, қамшы.

Тәрбиеші: Құрметті бүлдіршіндер! Бүгінгі «Ұлттық ойын төрімізде» атты спорттық ойындар жарысына қош келдіңіздер! топ арасындағы жарысқа топтарды ортаға шақырайық.

қара жорға әуенімен балалар ортаға шығады.

Тәрбиеші: Міне, балаларшықтыалаңға,

Жас спортшылар жеке – жеке команда

Ал, балалар өздеріңді таныңдар,

Ептілік, мықтылық, батылдық көрсетіп табанды,

«Алақай» деген ұранды біз тастаймыз

Жарысымызды ал енді бастаймыз

«Жеңіске жетеміз!» деп

Жалынды ұран тастаймыз.

Тәрбиеші: «Ұлтты ойын төрімізде» - атты жарысымызды бастаймыз.

Бүгінгі жарысқа қатысуға екі топ келіп тұр. Осы топтардың жарысына әділ бағасын беретін сіздер сіздер.

Ал, құрметті халайық

Жарысты енді көріңіз

Әділ қазы алқасы

Әділ баға беріңдер

- дей отырып топ капитандарына сөз берейік.

1 - топ «Тұлпар»

Топ капитаны – Шерхан

2 - топ «Қыран»

Топ капитаны - Нұржігіт

«Тұлпар» тобы

Қатар өскен құрдасқа,

Жарыс ұнап тұрмас па!

Қуып жету жақсығой

Озып шығу бірбасқа.

«Қыран» тобы

Босқа қарап тұрмайық,

Бағымызды сынайық

Намысты қолдан бермейік

Жарысты озып шығайық.

Тәрбиеші: Балалар, сендерге сәттілік тілсей отырып, жарысымызды бастаймыз.

Ал, енді сайысымыздың шарттарымен таныстырайық...

Сайыс шарттары:

1. Бәйге

2. Арқан тартыс

3. Теңгеалу

4. Қолкүрес

5 Ақсерек - көксерек

Ойын: Ұлттық ойын «Бәйге»

Ойыншарты: Әр топтың алдына 3 - 4 м қашықтықта межелер белгіленді.

Екі топтың балалары (арақашықтық 2м) сап түзеп тұрады. Бұл ойында жұптасып жарысады. Әр топқа бір ат, бір қамшы байланады. Белгі бойынша әр топтан бір баладан атқа қонады да жарысады. Балалар аттың шабысына салып шабуы тиіс.

Ойын: Ұлттық ойын «Арқантартыс»

Ойыншарты: Бұл екі топқа бөлінген балалармен ойналатын ойын біртүрі. Арқанның екі жағынан екі топқа бөлінген балалар тартысады. Қай топ өз жағына алып, келсе сол топ жеңіске жетеді.

Ойын: Ұлттық ойын «Теңге алу»

Ойын шарты: Бұл ойынды ер балалар ойнайды. Аттың орнына шыбық ат пайдаланады. Белгілі бір жерге теңгені ыдысқа салып қояды. Ойыншылар атпен шауып келіп еңкейіп теңгені ыдыстан тез алып шаба жөнеледі. Егер ойыншы теңгені алмай қалса жеңілген боп есептеледі.

Ойын: Ұлттық ойын « Қол күрес»

Ойын шарты: Ортаға екі ойыншы шығып, кілемнің үстіне жамбасынан жатады. Олар бас бармақтарын айқастыра қолдарын жымдастырып ұстайды. Ойынның шарты қолының күші көп ойыншы қарсыластың қолын жерге тигізуі керек.

Ойын: Ұлттық ойын: «Ақсерек - көксерек»

Ойын шарты: Ойынды ойнау үшін балалар екі топқа бөлінеді, қолдарынан ұстап тұрады. Ара қашықтық 20 - 30 қадам.

1 - топ. Ойынды бастайды:

Ақсерек - ау, ақсерек

Бізден сізге кім керек.

2 - топ Ойынды жалғастырады

Ақсерек – ау, ақсерек

Жаман – жаман бала аты (бала аты) керек.

Аты аталған бала келесі топқа дейін жүгіріп барып ортасынан ұстасқан қолдарды ажыратып кету керек. Егер өтіп кетсе сол топтан бір баланы тобына алып қайтады, өте алмаса сол топта қалады. Ойын осылай жалғаса береді.

Тәрбиеші:

Өнерге биік сеніңіз

Думанға қызық келіңіз

Әділ қазы ел сенген

Өнерге баға беріңіз.

Тәрбиеші:

Бүгінгі балалармен ұйымдастырылған «Ұлттық ойын төрімізді» атты спорттық кешімізді қорытындылап, әділ шешімімен «Тұлпар» және «Қыран» топтарының арасындағы сайыста достық жеңді. Көріп тамашалағандарыңызға рахмет!

